

"Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидасын бекіту туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 17 маусымдағы N 394 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы N 1485 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 24 қаңтарда N 4582 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 23 маусымдағы N 3959 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 23.06.2015 N 3959 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) .

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 43-1 бабына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. "Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидасын бекіту туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 17 маусымдағы N 394 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4473 нөмірімен тіркелген, "Ақмешіт апталығы" газетінің 2013 жылғы 25 шілдедегі N 30 (994) санында жарияланған) келесі өзгерістер

енгізілсін :

көрсетілген қаулымен бекітілген қағиданың 2-тармағы келесі редакцияда ж а з ы л с ы н :

"2. Өзінің бағуында және пайдалануында қараусыз қалған жануарлар болған адам өзінің бағуындағы жануарларды меншігіне алудан бас тартқан кезде олар қалалық коммуналдық меншікке түседі және осы қағидаға сәйкес алып п а й д а л а н ы л а д ы . " ;

3-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"3. Жануарлардың қалалық коммуналдық меншікке келіп түсуі тапсыру – қабылдау актісі негізінде жүзеге асырылады. Тапсыру–қабылдау актісінде қалалық коммуналдық меншікке түсетін жануарлардың түрі, жынысы, түсі, жасы көрсетілуі тиіс. Тапсыру – қабылдау актісі жануарларды тапсырған тұлғаның, кент, ауылдық округ әкімі (бұдан әрі – әкім), "Қызылорда қалалық ауылшаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – ауылшаруашылығы және ветеринария бөлімі), "Қалалық қаржы бөлімі"

мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – қаржы бөлімі) жауапты қызметкерлерінің қатысуымен жасалады. Тапсыру – қабылдау актісін қаржы бөлімінің басшысы б е к і т е д і . " ;

10-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"10. Қалалық коммуналдық меншікке түскен жануарларды ветеринариялық қадағалау және жұқпалы ауруларға қарсы егу іс-шаралары ауылшаруашылығы және ветеринария бөлімінің қадағалауымен жүзеге асырылады. Ветеринариялық қадағалау және егу шығындары жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады.
"

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н.Нәлібаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК